

Лубен ауылының тарихы

XIX ғасырдың 60 жылдары Қазақстанды отарлаудың жана кезеңінде Ресей губернияларының шаруаларын қоныстандыру басталған кез. Өз туған жерінен амалсыз қоныс аударып келген орыс шаруалары осы өлкенің тұрғылықты қазақтарымен бірге тұрмыс тауқыметін тартып, аштық пен жалаңаштықты көрді. «Переселение» Жарлығы Қазақстан халқының саны мен ұлттық құрамын күрт өзгертті. Қысқасы патша өкметі XIX ғасырдың 90-шы жылдары Ресей еліндегі ауыр қылмыстыларға бостандық беріп, соғыс қызметіне жарамсыздар мен салық төлей алмайтындарды қазақ жеріне жер аударып жіберген. Қоныс аударушылардың легі Қарақияқ ауылы орналасқан Шыңғырлау-Утва өзенінің жағалауына 1908 жылы Полтава губерниясының Лубны селосынан келді. 1908 жылдың көктемі қоныстанушылар тоқтаған жеріне қолайсыздық туғызып, олар Шыңғырлау жағасына жақындайды. Осы кезде ашуланған жергілікті қазақтар қоныс аударушыларды жақындатпайды. Шыңғырлау жағасынан орын тебе алмайтындығына көздері жеткен қоныстанушылар Елекке (Тұзтөбеге) барып, қоныс аудару жөніндегі комиссияның инспекторын ертіп келеді. Инспектор Қарақияқ ауылының тұрғындарының қарсылығына қарамастан, келімсектерге Шыңғырлау өзенінің бойына қоныстануға рұқсат береді. Қолдары әрең жеткен жаңа жерге (Шыңғырлаудың сол жақ жағалауы) келімсектер үйлерін салып, жермен айналаса бастайды. Уақыт өткен сайын ауыл атауы қоныстанушылар келген Лубны селосының атауына ұқсас «Лубенка» деп аталып кетеді. Лубен елді мекені - Батыс Қазақстан облысының шығысында Шыңғырлау ауданының оңтүстігінде 78 шақырым қашықтықта орналасқан. Лубен ауылы Шыңғырлау өзенінің сол аңғарында жатыр және батыс солтүстігінде Ақбұлақ селолық округімен, солтүстік шығысында Ресей мемлекетімен, оңтүстік шығысында Алмаз селолық округімен, оңтүстік батыста Қарағаш селолық округімен шекараласады. Ауыл орналасқан жері өзенге қарай еңкейген, жер бедері жазықтық. Климаты континенталды, жауын – шашыны жылына 300 – 200 мм. Округте Шыңғырлау өзені ағып жатыр және де Сұлукөл көлі шығыс жағында орналасқан.